



«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ

БАСПАСӨЗ-РЕЛИЗИ

28 сәуір 2015 ж.

Ұлттық валютадағы депозиттер бойынша кепілдік берілген өтемнің ең жоғарғы сомасы 10 миллион теңгеге дейін ұлғайтылды

27 сәуірде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және исламдық қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңына қол қойды (ары қарай - Заң).

Заңға сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктерде орналастырылған жеке тұлғалардың депозиттері бойынша кепілдік берілген өтемнің ең жоғарғы сомасы 5 миллион теңгеден 10 миллион теңгеге дейін ұлғайтылды. Ұлттық валютаның шетел валютасына қарағанда басымдылығын қамтамасыз ету мақсатында шетел валютасындағы депозиттер бойынша кепілдік берілген өтемнің мөлшері бұрынғы деңгейде қалдырылды, яғни 5 миллион теңгеден аспайды.

Осылайша, қатысушы банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры депозитор – жеке тұлғаларға ұлттық валютадағы кепілдік берілген депозиттері бойынша **он миллион теңге** және шетел валютасындағы депозиттер бойынша **бес миллион теңгеден** аспайтын мөлшерде бір депозиторға бір қатысушы банк бойынша кепілдік берілген өтем төлейді.

Сондай-ақ, Заң бойынша депозитор бір қатысушы банкте түрі мен валютасы бойынша әртүрлі бірнеше кепілдік берілген депозит ашқан жағдайда, Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры олар бойынша **он миллион теңгеден** аспайтын сомада жиынтық кепілдік берілген өтемді төлейді.

Ислам банкі қоспағанда, Қазақстан Республикасындағы барлық 37 екінші деңгейдегі банктер депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушылары болып табылады.

Қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету, қазақстандық банк жүйесіне сенімді қолдау көрсету және депозиторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры қатысушы банктерде орналастырылған жеке тұлғалардың депозиттеріне кепілдік береді, яғни жеке тұлғалардың барлық банктік шоттарындағы, оның ішінде төлем карталарын қолдануымен, ақшасының қайтарылуына кепілдік береді.

2015 жылдың 1 наурызындағы жағдайға сәйкес қатысушы банктерде орналастырылған жеке тұлғалардың банктік шоттарының (депозиттерінің) 99,6 %-ға жуығы толық көлемде кепілдендірілген. Осылайша, Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры Заңда қарастырылған өз қызметтерін орындау үшін барлық қажетті ресурстарға ие.

Қысқаша анықтама

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ары қарай - Қор) 1999 жылы екінші деңгейдегі банктер депозиторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін құрылды, жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылады.

Қосымша ақпарат www.kdif.kz ресми сайтында жарияланған. 8 800 080 10 20 нөмірі арқылы (Қазақстан бойынша қалалық телефон нөмірлерінен тегін) Қор қызметкерлері депозиттерге кепілдік беру бойынша барлық сұрақтарға жауап береді.